


**ЖАОК (жаппай ашық онлайн курс) бағдарламасы**

Онлайн-курстың атауы	<i>Картография және топография негіздері</i>
Оқу бағдарламасына сәйкес пәннің атауы, оқыту бағыты	География ОБ 6В01512 – География – тарих ОБ 6В01526 – Биология - география
Курс туралы ақпарат	<b>Мақсаты:</b> Курстың негізгі мақсаты – географиялық карталар және басқа да картографиялық шығармалар құбылыстың шындық көрнісін бейнелейтін құрал ретінде, оларға толық жан-жақты түсінік беру. Географиялық карталарды кеңістіктегі құбылыстарды шын күйінде, оның сапалық, сандық сипаттарын, құрлымын, қозғалысын және бір-бірімен байланысын көрсететін модель ретінде қарастырады.
Курстың өткізілу форматы	Бейнедәрістер, презентациялар, тестлер, тапсырмалар. Оқу апталарының саны - 15 Апталық оқу жүктемесі - 2 Курстың жалпы еңбек сыйымдылығы ( 3 кредит, 15 сағат дәріс, 15 практикалық жұмыс)
Курс құрылымы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кіріспе.</li> <li>Жердің пішіні мен мөлшерін анықтау әдістері.</li> <li>2. Топографиялық карта және оны қолдану.</li> <li>3. Топографияда қолданатын координаттар жүйесі.</li> <li>4. Топографиялық карталардың номенклатурасы және жіктелуі.</li> <li>5. Топографиядағы бағдарлау сызықтары.</li> <li>6. Топографиялық карталардың географиялық мазмұны.</li> <li>7. Жергілікті жердегі топографиялық түсірістер.</li> <li>8. Географиялық карталардың математикалық негізі.</li> <li>9. Картографиялық проекциялар.</li> <li>10. Картографиялық жинақтау (генерализация). Географиялық карталардағы жазулар.</li> <li>11. Географиялық карталар мен атластардың түрлері, типтері және классификациясы.</li> <li>12. Жалпы географиялық шолу карталары.</li> <li>13. Тақырыптық карталар.</li> <li>14. Мектеп карталары.</li> <li>15. Экологиялық картографиялау пәні және міндеті. Экологиялық карталардың мазмұны және құрастыру әдістері.</li> </ol>
Қалыптастырылатын құзыреттіліктер	<p><b>Курс аяқталғаннан кейін студенттер білуі керек:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-- пәннің және оның негізгі міндеттерін;</li> <li>- картографиялық және топографиялық карталардың даму тарихын;</li> <li>- географиялық карталарды жасақтаудың негізгі әдістерін;</li> <li>- топографиялық түсіріс құралдарын қолдана білу;</li> <li>- жергілікті жердегі топографиялық түсіріс әдістерін;</li> </ul> <p><b>Курс аяқталғаннан кейін студенттер жасай алуы керек:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ірі және ұсақ масштабтағы карталарды құрастыру;</li> <li>- жергілікті жерде топографиялық түсірістер жасау;</li> <li>- карта бойынша түрлі картометриялық жұмыстар жасай отырып талдау;</li> <li>- географиялық карталарды қабылдап түсінуі, оны ғылыми зерттеуде және практикалық қызметте қолдану.</li> </ul> <p><b>Игерілетін дағдылар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіби географиялық көзқараспен қарау;</li> <li>- географиялық карта бойынша нақты бағдарлау;</li> <li>- жергілікті жерде қоршаған ортадағы нысандар бойынша көзбен бағдарлау және өлшеу.</li> </ul>
Курстан күтілетін нәтиже	<b>Білу</b> – картография топография негіздері пәнінде кездесетін

	<p>терминдер мен негізгі түсініктерді, әдістермен ережелерді білуі тиіс.</p> <p><b>Түсіну</b> – ірі және ұсақ масштабтағы географиялық карталардың шартты белгілері мен географиялық құбылыстарды бейнелеу әдістерін біле отырып картаны түсіну.</p> <p><b>Қолдану</b> – түрлі картографиялық шығармаларды оқу және зерттеу барысында картографиялық жасақтау және бейнелеу әдістерін пайдалана отырып жұмыс жасау және түрлі картографиялық шығармаларды жасақтау (әдебиеттер, деректермен, статистикалық және картографиялық материалдарды талдау, диаграмма графиктермен жұмыс).</p> <p><b>Талдау</b> – түрлі картографиялық карталарды және атластарды оларда бейнеленген географиялық құбылыстардың арасындағы байланыстарды талдау, сонымен қатар дөңес беттен жазықтыққа көшкенде болатын түрлі бұрмалануларды анықтау және талдау.</p> <p><b>Жинақтау</b> – картографиялық материалдарды жүйелеп реттеу арқылы нәтижелерді баяндау және жасақтау (баяндама, сызба нұсқалары т.б.)</p> <p><b>Бағалау</b> – қолда бар мәліметтер негізінде студенттің құрылымдық, логикалық, алға қойған мақсатқа қол жеткізуі сияқты өлшемдерге қарап шешім қабылдау.</p>
<p><b>Курс авторы туралы ақпарат</b></p>	<p>Рамазанов Серік Кішібекұлы, география ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы  <a href="mailto:serik-ram@mail.ru">serik-ram@mail.ru</a></p> 
<p><b>Курс тыңдаушысының қажетті білім деңгейі</b></p>	<p>Мектеп географиясын игеру қажет</p>

Кафедра меңгерушісі Галимов М.А. (Г)

Онлайн-курстың авторы Рамазанов С.К. (С.Р.)